КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

4 қыркүйек 2025 жылы №7527-25-00-2/8571 Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья Н.Т. Нұрмаханбетов, сот отырысының хатшысы Т.К. Керімбайдың қатысуымен, электрондық азаматтық істі ашық сот отырысында қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – талап қоюшы)

ЖАУАПКЕР:
«Калкинова» жеке кәсіпкер (бұдан әрі – жауапкер)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі: Ш.Н.Джаксылыкова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 19 ақпан 2025 жылы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №24 шарт жасалған (ары қарай – Шарт).

Шарт талаптарына сай, жауапкер (әрі қарай – Өнім беруші) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал талап қоюшы (әрі қарай - Тапсырыс беруші) осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 1-Қосымшасына сай, жеткізілетін Тауар: математиканы оқытуға арналған ойыншық, жалпы сомасы 265 566 теңге. Жеткізу мерзімі келісім шартқа қол қойған күнен бастап 30 күнтізбелік күн.

Талап қоюшы жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін уақытында орындамағанын, осыған орай жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және талап

Документ подписан: Нурмаханбетов Н. Т., 11.09.2025
Дата вступления в законную силу: 22.10.2025, судья Нурмаханбетов Н. Т., 29.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қоюшының пайдасына 6 639 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрап отыр.

Жауапкер талап қоюға қарсылығын сотқа тапсырған жоқ.

Сотта талап қоюшының өкілі Ш.Н.Джаксылыкова талап қоюды қуаттап, оны толығымен қанағаттандыруды соттан сұрады.

Жауапкер бейне-конференц байланыс арқылы өткізілген сот отырысына белгісіз себептерімен қатысқан жоқ. істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған жоқ, сондықтан, сот, оның келмеу себебін дәлелсіз деп танып Азаматтық процестік Кодексінің 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарауға мүмкін деп есептейді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Азаматық процестік Кодексінің 72–бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Азаматтық Кодексінің 9-бабына сай, азаматтық құқықтарды қорғауды сот, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру, құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

Азаматтық Кодексінің 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда -іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағымен бекітілгендей, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Тиісінше заң шығарушы өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудың өз ерекшеліктерін бекіткен, атап айтқанда

Документ подписан: Нурмаханбетов Н. Т., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 22.10.2025, судья Нурмаханбетов Н. Т., 29.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер жатқызылады.

Бұл жағдайда сотқа жүгіну мерзімі келісім шартта көзделген 30 күнтізбелік күн аяқталған күннен басталады.

Шартта көзделген 30 күнтізбелік күн 2025 жылдың 21 наурызда айқталған, ал талап қою 2025 жылдың 19 сәуірінде берілген.

Тиісінше отыз күндік мерзім сақталған.

Іс құжаттарына сай, 19 ақпан 2025 жылы тараптардың арасында келісім шарт жасалған күннен бастап, шарт талаптарына сай 30 күнтізбелік күн аяқталғаннан кейінде 2025 жылғы 15 сәуірге дейін жауапкер өзіне тиісті міндеттемелерді орындамаған. Яғни, жауапкер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес Тауарды жеткізбеген, сондықтан сот, жауапкер мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған деп санайды.

Жауапкердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы Шарттың 10.1. бөлігіне сай тараптар жауапкершіліктен босатылатын төтенше жағдайлардың салдарынан болмаған және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар туындатқан, себебі тапсырыс беруші келісілген уақытта қажетті тауарды ала алмаған, бөлінген қаражат дер кезінде игерілмей қалған.

Мұндай жағдайда, сот жауапкердің жасасқан шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауға кінәлі деп табады.

Жоғарыда айтылған мән-жайларды, және жауапкердің сот отырысына келмегенін, АПК-нің 72, 73 баптарының талаптарын сақтамай, талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын өз дәлелдемелерін сотқа тапсырмағанын ескере отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Сот талқылауы кезінде жауапкердің Шарт талаптарын орындамауы анықталғанын, оған жауапкерді кінәлі деп тапқандықтан, сот талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы заңды және негізді деп санайды, себебі Шарттың 7.3. тармағымен жауапкердің Шарт талаптарын орындамау бойынша жауапкершілігі көзделген.

Талап қоюшының есебінше, жауапкердің Шарт міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшері 6 639 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшының есебін Шарт талаптарына сай дұрыс саналған деп есептейді.

Сондықтан жауапкерден талап қоюшының пайдасына 6 639 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

.

Салық Кодексінің 616 бабының 17, 30 тармақтарына сәйкес, талап қоюшы әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Документ подписан: Нурмаханбетов Н. Т., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 22.10.2025, судья Нурмаханбетов Н. Т., 29.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сондықтан, Азаматтық процестік Кодексінің 117 бабы 2 бөлігінің талабына сай, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Жоғарыдағылар негізінде, Азаматтық процестік Кодексінің 223 – 226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Калкинова» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Калкинова» жеке кәсіпкер, ЖСН 010925650859 мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Калкинова» жеке кәсіпкерден 6 639 (алты мың алты жүз отыз тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлеттік баж салығы мемлекет пайдасына өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай келіп шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы азаматтық істерді қарайтын сот алқасына Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе апелляциялық прокурор өтінішхатын келтіруге болады.

Судья Н.Т. Нұрмаханбетов

Документ подписан: Нурмаханбетов Н. Т., 11.09.2025

Дата вступления в законную силу: 22.10.2025, судья Нурмаханбетов Н. Т., 29.10.2025